

Бірлескен мемлекеттік экспорттық-импорттық валюталық бақылау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 24 сәуір N 653. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.26. N 845 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 26 қыркүйектегі N 845 Қаулысымен.

Экспорттан валюталық қаражаттардың түсуінің толықтығы мен уақыттылығын және валюталық қаражаттарды импорттың мақсатына пайдаланудың негізділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының валюталық және кедендік заңдарын сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті мен Ұлттық Банкі (келісім бойынша) Бірлескен мемлекеттік экспорттық-импорттық валюталық бақылау туралы ережені бекітсін.

2. Бірлескен мемлекеттік экспорттық-импорттық валюталық бақылау жүйесін :

1997 жылдың 1 шілдесінен бастап - Алматы қаласының және Алматы облысының шегінде ;

1997 жылдың 1 қазанынан бастап - бүкіл республика бойынша кезең-кезеңмен қолдануға енгізу белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті 1997 жылдың 1 қыркүйегіне дейін мерзімде бірлескен мемлекеттік экспорттық-импорттық валюталық бақылауды іс жүзінде жүзеге асыруды қамтамасыз ететін автоматтандырылған жүйе әзірлесін және оны енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті Бірлескен мемлекеттік экспорттық-импорттық валюталық бақылау жүйесінің жұмыс істеуі жөніндегі жауапты орган болып айқындалсын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С. Павловқа жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі

